

Қызылорда облысы



Мазмұны

1. Қызылорда облысының географиялық орналасуы

2. Әкімшілік құрылымы

3. Көлік қарым-қатынасы

4. Туризмнің даму нысандары



Қызылорда облысы — Қазақстан Республикасының оңтүстігінде орналасқан әкімшілік-территориялық бірлік.

Облыс 1938 жылдың 15 қаңтар күні құрылған. Облыс құрамына 7 аудан кіреді. Жер аумағы: 226 мың км². Халқы 726 мың, орташа тығыздығы 1 км²-ге шаққанда 3 адамнан келеді.

Облыс орталығы - Қызылорда қаласы. Қала тұрғындары - 212 мың адам.



Облыс Арал теңізінің шығысында Сырдария өзенінің төменгі ағысы, Тұран ойпатында орналасқан. Қазақстан Республикасының бірнеше облыстарымен оның ішінде шығыс және оңтүстік–шығысында Оңтүстік Қазақстан облысымен, солтүстігінде – Қарағанды облысымен, солтүстік-батысында Ақтөбемен және оңтүстігінде Өзбекстан Республикасымен шекараласады.





Облыс құрамында 7 әкімшілік аудан, 3 қала бар:

- 1) **Арал ауданы**, орталығы — Арал қаласы
- 2) **Қазалы ауданы**, орталығы — Әйтеке би кенті
- 3) **Қармақшы ауданы**, орталығы — Жосалы
- 4) **Жалағаш ауданы**, орталығы — Жалағаш кенті
- 5) **Сырдария ауданы**, орталығы — Тереңөзек
- 6) **Шиелі ауданы**, орталығы — Шиелі
- 7) **Жаңақорған ауданы**, орталығы — Жаңақорған кенті

Қорқыт ата атындағы Халықаралық әуежайы Қызылорда қаласын Қазақстан Республикасының барлық облыс орталықтарымен байланыстырады.

Қызылорда облысы арқылы Қызылорда – Петропавл, Алматы – Ақтөбе, Алматы – Атырау, Алматы – Маңғыстау, Алматы – Орал, Қызылорда – Сексеуіл, Сексеуіл – Түркістанды байланыстыратын теміржол өтеді.

Қазіргі таңда облыс бойынша 212 елді мекенді байланыстыратын 246 автобус маршруттары қызмет көрсетеді.

“Шымкент-Самара” М-39 халықаралық автокөлік тас жолы Қызылорда облысы арқылы солтүстіктен оңтүстікке қарай өтеді.



Қызылорда облысы Ұлы Жібек жолының тарихи орталығы болады, оның дәлелі 500-ден астам қазақ халқының мәдени және тарихи ескерткіштердің мекенінің дамуында ерекше орынға ие. Бұл қазақ халқы өкілдерінің сәулет, археологиялық ескерткіштері және кесенелері

Ежелгі жерде өмір сүрген Қорқыт баба, Әйтеке би және Жалаңтөс Баһадүр Сейітқұлұлы, Жанқожа, Бұхарбай, Тоғанас батырлары халықтың мақтанышы. Осы жерде туған Ғани Мұратбаев, Мұстафа Шоқай және белгілі жер өңдеуші Ыбырай Жақаев – өз елінің батыр ұлдары. Олардың аттары өлкетану тарихына кір, үйлердің қабырғаларында қашалған.

Тарихи қалалар Сауран және Сығанақ, археологиялық ескерткіштері және кесенелер Сунақ Ата, Айқожа ишан, Қарасопы, Оқшы Ата, Досбол би, Есабыз, Ақтас мешіті, Қорқыт Ата мемориалдық кешені Ұлы Жібек жолының туристік бағыттарына кіреді.



Қорқыт Ата мемориалдық кешені

Қорқыт Ата ескерткіш кешені Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы Жосалы кентінен солтүстік-батысқа қарай 18 шақырым жерде, Қорқыт станциясына жақын табиғи төбе үстінде орналасқан. Қорқыт Ата ескерткіші – сәулет өнерінің айрықша үлгісі. Кешеннің құрылысы 1980 жылы басталды. Авторлары – Б.Ә. Ибраев, С.И. Исатаев.

1997 жылы ескерткішті қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Амфитеатр, қылует, қошқар мүсінінен тұратын тұтас сәулеттік ансамбль жасалып, мемориалдық кешенге айналды.

2000 жылы кешен жанынан музей және әкімшілік ғимараты ашылып, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы ретінде қызмет көрсетіп келеді.



Жанкент – оғыздардың астанасы, ХІХ ғасыр

Жанкент қорғаны - республикалық сипаттағы археологиялық ескерткіш. Қазалы ауданы территориясындағы Өркендеу ауылдық округінің орталығына іргелес жатқан биік төбе сияқты топырақ басқан қорғанның орнында VII - XIV ғасырларда Жанкент, Янгикент қаласы өмір сүрген. Түрікмен тарихшысы Абұлғазы Баһадүрдің айтуынша, оғыз еліне жүздеген жыл астана болып келген, Сыр өзенінің аяғында тұратын ұлы мұра - Жанкент қаласы еді. Оғыздар осы жерді ерте заманнан мекендеп, патшалары астана қала - Жанкентте отырған. Жанкент шаһары Сыр өзенінің сол жақ бетінде, Қазалы қаласынан 15 шақырым жерде жатыр.



Айқожа кесенесі, XVI - XVII ғасыр

Бұл құрылыстың фундаменті ретінде күйген кірпіш тұр, оның жалпақтығы 20см. Фундамент астына 20см тереңдікте тас бетон қойылған фундаменттің жан жағынан 50см қиыршық тас салынған қалаудың материалдық жағдайы қанағаттандырарлық, ешқандай қайта жасау қажетсіз, барлығы жөндеу барысында қалпына келтірілді. Қабырғалар күйдірілген саз кірпіштен қаланды. Қабырғаларының қалыңдығы 1,4 м, жөндеу жұмыстары атқарылып пайдаланылуға берілді.





Мақұл Там, XIX ғасыр

Мақұл-Там кесенесі Қызылорда облысында орналасқан, 19 ғасырдың соңында салынған. Діни мағына беретін ғимараттардың сәулет өнері болып табылады. Кесене, жалпы қарағанда екі күмбезді ғимарат болып, ішкі қуыс бөлмелері екі қабатты болып жасалған. Ұзындығы мен ені 11,46 x 7,0 м, алдыңғы бөлмесінің биіктігі 4,3 м, ал жалпы биіктігі 8,775 м. Қабырғалары 320x150x65 мм пішініндегі күйдірілген кірпіштен қаланған. Қабырғалардың жер дейінгі жалпы биіктігі 4,3 м. Сыртқы қабырғаларының қалыңдығы 2,5 кірпіш.

Сырлытам кесенесі, XII ғасыр

Қызылорда облысы Қарамақшы ауданында Тағай ауылынынан солтүстік-шығысқа қарай 16 шақырым жерде VII-VIII ғасырларының бірегей сәулет ескерткіші Сырлытам кесенесі орналасқан.

Кесененің нақты салыну мерзімі жайында тікелей дәлел жоқ, дегенмен ғалымдардың айтуынша, оны сәулет ерекшеліктері көрсетіп тұр. Бұл кәдімгі біркамералы бетше босағалық-күмбезді шатыр жабыны бар кесене бар. Ішкі күмбезі сфероконустық болып келеді, ал сыртқысы аласа сегіз қырлы барабанның үстінде орналасқан сегіз қырлы мұнараның формасына ие. Бетше босағасы тым үлкен емес, түрі мен құрылысы жағынан ол сүйір доғалы кіретін текшесі бар бас қасбетінің қабырғаларына ұқсас. Осы кесене солтүстік түркістандық құрылысшыларының сәулет өнеріндегі қиын ізденістерін дәлелдейтін, барабан үстінде көтерілген шатыр күмбезінің бар болуымен сипатталатын ортағасырлық кесененің ерекше тобынан шыққан.




Шырық-Рабат ескі қаласы, б.з.б. IV-II ғғ.

Қызылорда қаласынан 300 шақырым жерде, Жаңадария өзенінің ескі арнасының сол жағасында аты аңызға айналған Шырық-Рабат қаласы орналасқан. Шырық-Рабат археологиялық ескерткіші бірнеше тарихи дәуірлердің нысаны ретінде зор ғылыми маңызға ие болып табылады. Бірегей қала сақ кезеңіне жатады, ол қаланы тегіс жазықта көтеріп, жаулардан қорғап тұрған сияқты биік төбешіктің үстінде салынған.

Шырық-Рабат солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған, ауданы 850x600 м. құрған табиғи төбешіктің алаңын алып жатады. Ескі қала мықты фортификациялық жүйесімен бекітілген. Төбешіктің іргетасы жанында ені 40 м., тереңдігі 4,5 м. құрайтын ор қазылған. Ордан мықты сыртық дуал салынған, оның биіктігі 3 м дейін, негізіндегі ені 8-10 м құрайды. Ордың ішкі периметрі бойымен де дуал орналасқан, осыдан басқа төбешіктің жоғарғы нүктесі дуалдың үшінші қатарымен қоршалған.



Оқшы-ата кесенесі, XVIII ғасыр



Оқшы-ата кесенесі Қызылорда облысы Шиелі ауданы Жөлек ауылынан 7 шақырым жерде орналасқан.

Адамдар Оқша-атаның зиратына, әулиенің аруағына құрмет көрсетуге, киелі құдықтан су ішуге барады. Құдықтың суы киелі. Кейде шелек құдықтан сусыз немесе топыраққа толып шығады. Тіпті, шелек құдықтың түбінде қалып қоятын кездері де болады. Бұл – сол шелекті салған адамның күнәлары көп екендігін білдіреді. Сондықтан, күнәсінан арылу үшін ол адам көп жақсылық жасауы тиіс. Әулие Оқша-ата құдығының киелігіне күмән жоқ. Кесене сазды лайдан, күйдірілген кірпіштен қаланды. Кесене қабырғаларының қалыңдығы – 1,1-1,2 м. Іргетасы – жерге 0,8 м тереңдікке енгізіліп, күйдірілген кірпіштен қаланды.



Алтынасар көне қаласы

Алтынасар – көне қала орны. Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Қуандария өзенінің ескі арнасының бойында орналасқан. Ежелгі аты белгісіз. Алтынасар қала жұрты б.з. I-IV ғасырларында өмір сүрген, көлемі 17 га жерді алып жатқан, төрт бас ғимараттары бар өте ірі қала. Қала бірнеше қабаттардан тұратын күрделі құрылыстардан салынған.

Жота басында екі төбенің сұлбасы айқын байқалады. Біріншісі «Үлкен үй» аталады, аумағы 150x150 м, биіктігі 12–15 м. Мұнда негізінен тұрғын үйлер болған. Екінші төбе «Кіші үй». Жүргізілген қазба жұмыстары қаланың төмендігі қабаты 1–8 ғасырларда салынғанын анықтады. Бөлмелерде суфалар мен еден үстіне орнатылған ошақтар сақталған. Олардың бөренелермен, қамыстармен жабылған төбесі жайпақ болғандығы анықталды.



Жетіасар көне қаласы


Жетіасар — б.з.б. 3-1 ғасырлардағы қаңлы тайпалары қоныстарының орны. Жосалы темір жол стансаның (Қызылорда облысы) маңындағы бір-біріне жақын бірнеше қоныстардан тұрады. Осы қоныстардың бірі көлемі жағынан үлкен, орташа қоныс болып, онда тайпа ақсүйектері тұрғанға ұқсайды. Соңғы жылдары оның орнын қазғанда, сол кезде салынған үйлердің қабырғаларынан әдемі ою-өрнекті әшекейлер табылды. Осы аймақты мекендеген қаңлылар Қаратау мен Сырдарияның орта саласында да тұрған. Ертедегі қытай деректеріне қарағанда, олардың тайпалық бірлестігі бес “кіші иеліктен” құрылған. Қоныстарда 120 мыңдай түтін немесе 600 мыңдай адам болған.



Сығанақ қаласы

Сығанақ, Сунақ – ортағасырлық қала орны. Қызылорда облысы Төменарық тау жыныстары стансасының солтүстік-батыс жағында 10 км жерде орналасқан.

Қаланың қазіргі орны 10 га жерді алып жатқан үлкен бес бұрышты төбе. Жан-жағында көптеген үйінділер, ертеде су жүргізілген құрылыс іздері сақталған. Археологиялық қазба барысында табылған заттарға қарағанда Сығанақ VI – XVIII ғасырларда өмір сүрген.





**Назарларыңызға
рахмет!**